

Айнұр Қаршығаева
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл
білімі институтының ғылыми
қызметкері, ф.ғ.к.

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖАЙЫНДА

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің кестесін жасап, алдағы екі жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілуі керектігін айтқан болатын.

Бүгінгі күнгі бұқаралық ақпарат құралдары мен зиялы қауым өкілдері арасында кеңінен талқыланып жатқан мәселелердің бірі – қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру үрдісі. Себебі жазу – белгілі бір әріптердің жиынтығы ғана емес, ұлттың өзіндік болмысын танытатын таңбалар жүйесі, сол ұлттың тарихы, мәдениетінің таңбаланған жәдігері. Жазу арқылы өткен тарих пен бүгінгі және болашақ өміріміз жалғастық табады. Ол – ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ететін алтын көпір. Ал, жазудың өзгертілуі сол халықтың қоғамдық өмірінің барлық саласына, рухани әлемі мен мәдени деңгейіне, тіпті, әлеуметтік психологиясына әсер ететіні сөзсіз.

Латын әліпбиін алғаш қолданысқа енгізгендердің бірі – Түркия мемлекеті. Біздің елде ХХ ғасырдың 20-жылдары қазақ зиялылары латын әліпбиіне көшу мәселесін көтерді. Қазақ тілінің табиғатына сай әліпби үлгісін жасап, қолданысқа енгізген болатын. Қазақ тіл білімінің, әліпбиінің негізін салған бірегей ғалым А.Байтұрсынұлы: «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазу мен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білу керектігі одан да артық», – деген болатын. Жазудың маңызы бұрынғыдан бірнеше есе өскен заман. Сондықтан, әлемдегі елдердің басым бөлігі, соның ішінде туыстас түркі халықтары қолданатын латын әліпбиіне көшу – жаһандану дәуіріндегі рухани жаңғырудың алғашқы да маңызды сатысы болып отыр.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың латын әліпбиіне көшу жұмыстарын бастау жөніндегі тапсырмасына орай көптеген ғалымдар өз ұсыныстары мен ой пікірлерін ортаға салған болатын. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөнінде кешенді шаралар да жүзеге асырылып келеді. Осыған байланысты Профессор Әлімхан Жүнісбектің де өз пікірі, өз ойы, өз ұстанымы болды.

Бүгінгі таңда білікті мамандар латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің жобаларын жасау кезіндегі қызу талқылауда ойларын да айтып бөлісті. Филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбек: «Латын әліпбиіне көшудің қиыншылығы – қазіргі біздің қолданып жүрген әліпбиіміз қазақтың төл әліпбиі емес, орыс тілімен араласып кеткені, бізге өзге тілден енген дыбыстар араласып кетсе, онда кедергілер туындайтынын, латын әліпбиіне төл дыбыстарымызды баптап, соның аясында көшуін және

қазақ жазуына тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек екенін, ол реформа үш мәселені – дыбыс, әліпби және емле ережені бірдей қамтиды», – деп пікір білдіреді.

Проф. Ә.Жүнісбек латын әліпбиі қазақ жазуына қажет реформа жайлы аз жазып, аз айтып жүрген жоқ. Бүгінгі қазақ жазуына, тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек деп жүрген де осы ғалым. Ондағы мақсаты – қазақ әліпбиін ұлттық үлгіге түсіру, мазмұны – қазақ сөзінің айтылым-жазылым үйлесімін орнықтыру болды.

Проф. Ә.Жүнісбектің айтуынша, «Өтпелі дәуір кезіндегі кез-келген ауқымды шара, ол экономикалық шара болсын, әлеуметтік шара болсын, елді бір дүрліктірмей қоймайды. Өйткені ондай шараның, жұртшылық жаппай қатыспаса да, өз жақтаушылары мен қарсыластары болады. Әліпби ауыстыру мәселесі де осы жайды басынан кешіріп отыр. Сондықтан оған таң қалуға болмайды, тек оның себебін дұрыс түсінуге тырысуымыз керек» – деген ойды айтып отыр.

«Жеті рет өлшеп, бір рет кес» дегендей, латын әліпбиіне қатысты өз көзқарастарын білдіріп, ой бөлісіп, тіл тағдырына алаңдаушылық білдірушілердің айтқан пікірлерінің барлығын да маңызды деп білеміз. Дегенмен, мәселенің байыбына терең бармай, әліпби өзгертуді бұрынғы кирилл әріптерін латын әріптерімен ауыстыра салу деп түсінетіндер де бар. Егер бұлай түсінсек, қазіргі 42 әріпті өзгеріссіз латын әріптеріне ауыстыра салып, қайтадан орысша-қазақшасын араластырып сөйлеп-жазып жүре берсек, одан ештеңе де өзгермейтіні баршаға аян. Сондықтан әліпби реформасы нақты ғылыми ұстанымдарға сүйенеді.

Осы орайда Ә.Жүнісбек қазақ жазуына қажет реформаға байланысты талдауын кезең-кезеңге бөліп қарастырады.

Бірінші, заман тәжірибесі әлеми ақпарат кеңістігіне өтудің төте жолы ретінде латын жазуын көрсетіп отыр. Мұны бұрын аңғарғандар – біздің информатика мамандары. Енді, міне, өзге мамандар да оларды құптай бастады. Әлеми ақпарат кеңістігіне жолын тауып ене алмай қалған елдердің даму қарқыны, сөз жоқ, бәсең болып қалмақшы. Жазуын сақтап отырған қытай мен жапонды алға тартпай-ақ қояйық, олардың да ғылыми-өндірістік үрдісі сол латын негізінде дамып жатыр.

Екінші, сөз жоқ, әліпби ауыстырудың астарында, біздің пайымдауымызша, саяси-әлеуметтік мән жатыр. Орыс жазуынан қашу – көрші империяның сан ғасырға созылып келе жатқан «ағалық» ықпалынан құтылудың бір амалы екені рас. Ендеше, әңгіме кезінде орынсыз көтерілген жоқ. Мұны қазақы көпшілік қауым дұрыс түсініп отыр. Егемендіктің айғақ белгісі салтанат үстінде көрінетін дербес елтаңба, ту мен әнұран болса, күнделікті мазмұнының бірі – жазу. Жазу дегенді тек әріп жиынтығы деп қарамау керек. Жазу әліпби, таңба және емле-ережеден құралады. Әліпби - тілдің дыбыс құрамы, таңба - дыбыстың қауызы, ал емле-ереже – әліпби мен таңбаның ұлттық дәнекері. Олай болса, әліпбиі, таңбасы мен емле-ережесі үйлескен жазу тіл егемендігінің бір кепілі болып табылады.

Үшінші, тіптен, әліпби ауыстыруды былай қойғанда, қазақ жазуын бір саралап-пысықтап алатын мезгіл жеткендігін көпшілік, оның ішінде тіл мамандары, біліп те, түсініп те отыр. Ендеше бұл бағыттағы шараны тек әліпби ауыстыру деп қарамай, кең қамтып, жазу реформасына айналдыру қажет. Сондықтан әңгімені тек әліпби ауыстыру төңірегінде ғана қалдырмай немесе бір таңбаны екінші таңбаға қалай ауыстырамыз дегенге ғана саймай, жазу төңірегіндегі өзге де мәселелерді қамтып отыру керек болады – дейді ғалым әдебиет порталында берген сұхбатында.

– Рас, бір жазудан екіншісіне көшу халықтың осы рухани байлықтан сусындауына қосымша қиындық келтіруі мүмкін. Сондықтан әліпби мен жазу мәселесіне әлеуметтік лингвистика тұрғысынан жете назар аударған жөн. Жазу мен әліпби мәселесі бір-бірімен тығыз байланысты болады. Алдымен әр тілдің дыбыс қорын анықтап, содан кейін әр дыбысты әріптермен таңбалау қажет. Жазбаша тілді ауызша тілдің графикалық бейнесі деуге болады. Жазудың қандай түрі болмасын белгілі бір таңбалар арқылы жасалады. Әліпби жасау үшін алдымен графикалық лингвистика теориясын терең танып, тілдің дыбыс жүйесіндегі фонемалардың өзіндік фонологиялық ерекшеліктеріне жете назар аударып, бөгде тілдерден енген сөздерге қатысты фонемаларды қалай таңбалау керек деген мәселелерді шешіп алу керек, одан кейін тілдің болмысын танытатын негізгі заңдылықтарын біліп, тілдің табиғатына сай келетін, өзіндік дыбысталу ерекшеліктеріне кері әсер етпейтіндей мәселелерді ескеру керек.

Латын әліпбиіне көшу, шындап келгенде, ана тіліміздің болашағын ойлап, қолданыс аясын одан әрі кеңейте түсуге мүмкіндік жасап, тіліміздің ішкі табиғи әліпбиіміз арқылы жазудың айтуға жасап келе жатқан қиянатын болдырмай, қазақы айтылым (орфоэпия) мен жазылым (орфография) талаптарын жүйеге түсіру деп түсіну керек.

«Латын әліпбиіне көшу дегенді бір таңбаны екінші таңбамен алмастыра салу деп түсінбеу керек. Кез келген мемлекет уақыт мезгілімен өзінің жазуын пысықтап, ретке келтіріп отырады. Сондықтан мына сәтті пайдаланып, латын әліпбиіне өту дегенді біз қазақ жазуына реформа жасап алудың бастауы деп түсінуіміз қажет. Профессор Ә.Жүнісбек неге реформа деп отыр? Осы ретте төл дыбыстарымыздың басын ажыратып алудың, оған лайықты әліппені құрастырудың, біздің фонетикалық әрі грамматикалық тіліміздің құрылымдарына қазіргі жаңсақ кетіп қалған қателіктерді түзету.

– Рас, латын графикасын тек осы төл дыбыстар үшін ғана құрастырған. Ондағы ойы, алдымен қазақ сөзінің үндесім әуезіне лайық әліпби үлгісін дайындап алу болатын. Егер қазақ тілінің қамын шын ойласақ, бөгде тілдің дыбыс-таңбасынан арылған таза, қоспасыз болу керек. Ал өзге орыс тілінен енген кірме дыбыстар мен таңбалар жайын, басқа амалдың жоқтығынан, өз алдына шешу керек.

Латын әліпбиіне көшу жұмыстарында дыбыс – фонема – графема – әріп байланыстарын терең түсінетін ғалымдар Ә.Жүнісбек, Н.Уәли, Қ.Күдерінова сияқты т.б. фонолог мамандардың сөзіне құлақ қойған жөн деп білеміз. Латын графикасына (таңбасы) негізделген қазақ әліпбиін жасау

ісінде тіліміз дыбыс жүйесіндегі төл дыбыстар мен өзге тілден енген кірме дыбыстарды жеке-жеке қарастырып, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мен жазу барысында туындайтын әртүрлі заңдылықтары ескерілуі тиіс. Сондықтан Әліпби жобасын жасау ісінде латын графикасын қазақ әліпбиіне икемдеу бағытында өзінің салмақты ойлары мен ғылыми маңызды зерттеулерін көп талқысына ұсынып жүрген білікті ғалым Әлімхан Жүнісбек еңбектерінің маңызы зор деп білеміз. Қазіргі таңда Ә.Жүнісбек бастаған ғалымдар қазақ тілі дыбыс жүйесіндегі 28 фонеманы (9 дауысты, 19 дауыссыз) латын графикасымен таңбалап, жаңа қазақ әліпбиін дайындап отыр[2]. Бұған қоса, кірме сөздерді таңбалау үшін «в», «ф», «h» әріптері де әліпбиге алынуы мүмкін. Себебі бұл әріптер 1938 жылы әліпбиімізге енгізгелі қазақ тілінде әбден орнығып, біздің еркімізден тыс 80 жылға жуық уақыт қазіргі сөйлеу тіліміздегі болып жатқан үдерістерді таңбалап жүр деген көзқарас бар. Сөйтіп, ғалымдар шамамен 31-32 әріптен тұратын әліпби жасауды нысана етіп отырған сияқты. Бұл бұрынғы 42 әріптің қысқарып, шамамен 10 таңбасы алынып тасталынатынан көрсетеді. Мысалы, бұрынғы әліпбиде «ашы», «тұщы» және өзге тілден келген «щетка», «щи» деген санаулы сөзді таңбалау үшін арнайы «щ» әрпі алынған болса, енді осындай әріптердің қысқаруы нәтижесінде кірме әріптерге қатысты 30-40 басы артық ереже өзінен өзі жойылып кетеді екен. Сондықтан қазір Ә.Жүнісбек, Н.Уәли сияқты ғалымдар қазақ әліпбиін латын графикасына көшіріп қана қоймай, бұл жұмысты одан әрі қазақ жазуын реформалау (қайта қарастыру) ісімен байланыстыру қажеттігін айтып отыр.

Латын әліпбиіне тезірек көшу ана тіліміздің дамуына, қолданыс аясының кеңеюіне жол ашады. Латынға көшсек, біраз ұтатын тұсымыз бар. Біріншіден, тіл тазалығы мәселесі, тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Екіншіден, қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле ережелері қысқарады. Оқыту үдерісі жеңілдеп, уақыт, қаржы үнемделеді. Үшіншіден, түбі бір түркі дүниесі латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейту керек.

Төл дыбыстарды диграфтар арқылы таңбалау нұсқасы да ұсынылды. Сонымен қатар апострофтар да ұсынылды. Апостроф кез келген клавиатурада бар, яғни бөлек әріпті шығарудың қажеті жоқ. Апостроф арқылы ағылшын клавиатурасы болса да, қазақша жазуға болады.

Қазақ әліпбиі латын графикасына көшкенде туындайтын кейбір қиындықтар да бар. Олар – уақытша қиындықтар. Халықтың жаңа әліпбиге көзі мен қолы үйрену үшін белгілі бір уақыт керек. Ол үшін ақпарат құралдарында насихат және машықтану жұмыстары жүргізіліп, халық латын әліпбиіне тез үйренуі қажет. Кирилл әліпбиіндегі әдебиеттер жаңа әліпбиге көшірілуі де уақытты қажет етеді. Осыған орай жаңа әліпбимен кириллицаның да біршама уақыт қолданылатынын Елбасы да айтқан болатын.

Мемлекеттік тіл латын әліпбиі негізінде өмірдің барлық салаларында басымдыққа ие бола бастайды. Егер латын әліпбиін меңгерудің тиімді бағыттары ұсынылса, халық тез қолданып кетеді.

Қорыта айтқанда, қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру – үлкен тарихи маңызы бар бастама. Латын әліпбиіне көшу ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады. Түркі әлемімен рухани байланыс жасау жеңілдейді. Ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашылады. Латын әліпбиіне көшу – отарсыздану талабы. Төл әліпбиіміздің болуы – Тәуелсіздіктің жемісі!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Жолдауы.- Астана, 2012 ж.

2. Жунисбек Ә. Әліпби ауыстыруды жазху реформасына айналдыру керек. – Орал: Ағартушы, 2007.-32 б.

3. «Егемен Қазақстан» газеті <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>;

4.Латын әліпбиіне көшу: мәселе, пікір, ұсыныс – Тіл әлемі www.tilalemi.kz>article

5.Латын әліпбиіне көшу – болашаққа бағыт-бағдар/ « Білім айнасы» газеті bilimainasy.kz

6. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (Қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. -448 бет.